Тапалова Р.Б., Даубасова С.Ш., Арын А.А.

# СОТ-САРАПТАМАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Оқу-әдістемелік құрал**

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТІ

**Тапалова Р.Б., Даубасова С.Ш., Арын А.А.**

# СОТ-САРАПТАМАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Оқу-әдістемелік құралы**

**Алматы**

**«Қазақ университеті»**
**2013**

**Сын пікір берушілер:**
заң ғылымдарының докторы, профессор Берсугурова Л.Ш.
заң ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагамбетов П.А.
заң ғылымдарының кандидаты, доцент Мушатова К.А.

**Тапалова Р.Б., Даубасова С.Ш., Арын А.А.**

Сот-сараптамасының нормативтік-құқықтық негіздері: оқу-әдістемелік құрал. 1-басылым – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 200 бет.

**ISBN**

«Құқықтану» мамандығының бакалавриат және магистратура бағытында «сот-сараптамасы» пәні бойынша қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Құқықтану» мамандығы бойынша Мемлекеттік стандартқа сәйкес дайындалған. Сот сараптамасын тағайындау және сараптаманы тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға қатысты материалдарды қолдану барысында машықтануға бағытталған.

Оқу-әдістемелік құралы заң факультетінің студенттеріне, магистранттарына және оқытушыларына арналған. Сонымен қатар сот және адвокатура, қылмысты тергеуді жүзеге асырушы органдардың тәжірибеде қызмет ететін қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша білім беруде пайдалануға болады.

© Тапалова Р.Б., Даубасова С.Ш., Арын А.А., 2013
© Әл-фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

**ISBN**

## Алғы сөз

Сот сараптамасы бұл қылмыстық сот ісін жүргізуде, криминалистикада, қылмыстық іс жүргізуде және азаматтық іс жүргізуде арнаулы ғылыми білімді қолданудың ең басты нысандарының бірі болып табылады.

Сот сараптамасы - бұл ерекше дербес және ең күрделі тергеу әрекеті, оның мәні маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында арнаулы ғылыми білім негізінде істің материалдарын зерттеу.

Сот сараптамасы-қылмыстық сот өндірісінде арнаулы білімді қолданудың сараланған нысаны. Ол сот және алдын ала тергеу ортандарының танымдық мүмкіншіліктерін неғұрлым кеңейте түседі де, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндіріс барысында және сот отырысында танымның барлық ғылыми құралдарының арсеналын пайдалануға мүмкіндік береді.

Сараптаманың негізгі белгілерін анықтай келе, біз оның тергеу барысында немесе арнаулы ғылыми білімді қажет ететін қылмыстық істі сотта қарау кезінде пайда болған мәселелі-танымдық ситуацияларды шешудің нысаны екендігіне назар аударғанымыз жөн. Сондықтан да сот сараптамасы қылмыстық істің маңызды мән-жайларын анықтауда ең икемді әдіс деген де шығады.

Сот сараптамасы жаңа зерттеу әдістерін қалыптастыру жолымен және қолда бар зерттеу әдістерін жетілдіру арқылы тұрақты түрде дамиды да, сот және тергеу тәжірибесінде көп қолданыс табады.

Сарапшы тарапынан қылмыстық істің мән-жайын анықтау тек белгілі бір ғылым саласында әдістер мен тәсілдерді білуге және зерттеудің қазіргі кездегі жетістіктері мен құралдарын қолданумен тікелей байланысты.

Қазіргі кезде әрекет ететін Қылмыстық іс жүргізу кодексінің кейбір нормаларының жетілмеуінен де сот сараптамасының процессуалдық мәселелері өзекті болып отыр. Сот сараптамасын тағайындау, жүргізу және оның нәтижелерін бағалау саласында, сонымен қатар арнайы білімдерді қылмыстық істерді тергеуде және сот өндірісінде толығымен пайдалануда қылмыстық істі жүргізуші орган қызметкерлерімен заңды түрде дұрыс орындау ерекше маңызға ие және өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Сот сараптамасының дұрыстығын тексеру үшін белгіленген ерекше процессуалдық тәртіп, қорытынды бергенде оның толық, объективті болуына кепілдік беретін тағы бір ережеге негізделеді. Бұл ереже істің мән-жайын зерттеуде арнаулы ғылыми білім қолданғанда сақталуға міндетті, яғни арнаулы ғылыми білімді қажет ететін зерттеулерді соттың немесе тергеушінің өзінің жүргізуіне жол берілмейтіндігі.

*Пререквизиттер:* Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы; Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы; Қазақстан

Республикасының қылмыстық құқығы; Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы.

Постреквизиттер: Жеке адамға қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі; жеке меншікке қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі.

«Сот сараптамасы» пәннін жүргізу мақсаты. сот сараптамасын жеке білім саласы ретінде және қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша арнайы ғылыми білім институтын сот сараптамасы формасында қолдану мәселелерін жүйелі түрде оқытып үйрету болып табылады

*Осы пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент білуі тиіс:*

1. ғылыми білімнің саластырмалы жеке саласы, сондай-ақ тәжірбиелік қызмет ғылым
2. ретінде сот сараптамасының мәнімен;
3. сот сараптамасын тағайындау, ұйымдастыру және жүргізуді құқықтық реттеу
4. ерекшелігімен, жіктелуімен және сот сараптамасының зертеу қызметінің әдістерімен;
5. сараптамалық зерттеу әдістемесінің мүнкіндіктерімен;
6. сарапшы қортындысын сот дәлелдемесі ретінде бағалау сот сараптамасының теориялық негіздерін;

*жасай білуі тиіс:*

1. материалдық және процесуалдық құқықты, сондай-ақ криминалистика ғылымының негізгі ережелеріне, заңнамаға түсіндірме беруге, талдау жасауды;
2. тәжірибелік жағдайларда әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер бойынша сараптама тағайындау барысында тиісті заңдардың нормаларын қолдануды;
3. жекелеген тақырыптарды оқыту кезінде сараптама тағайындауды гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық білім мүмкіндіктеріне бойынша ғылыми іздеу жасап, ғылыми қорытынды шығаруды.

**МАЗМҰНЫ**

**Алғысөз**.........................................................................................................4

**Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар**..........................................................5

**Қазақстан Республикасынның сот-сараптама қызметін туралы Заңы.***20 қаңтар 2010 жыл № 240-IV*..........................................................................10

**Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.** *1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 кодексі (Үзінді)*..........................................................................33

**Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі.** *1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 кодексі (Үзінді)*..........................................................34

**Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі.** *1999 Жылғы 13 шілдедегі N 411 кодексі (Үзінді)*....................................................................52

**Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.** *2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 кодексі (Үзінді)*.............................63

**Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңны.** *2006 жылғы 31 қаңтардағы N 124 заңны (Үзінді)*................................................................70

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы ұсынатын ақылы қызмет көрсетулерді іске асырудан түсетін қаражатты пайдалану жөніндегі Нұсқаулық** *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 486 қаулысымен бекітілген.............72*

**Сот сараптамасы өндірісі жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған уй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптар** *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 қарашадағып 1414 қаулысымен бекітілген*..........................................................................................................75

**Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама саласындағы сот-сараптама қызметін қоспағанда, сот-сараптама қызметін жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі** *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 1454 қаулысымен бекітілген*.................................................................................... 83

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына алғаш жұмысқа кіретін адамдардың арнайы кәсіптік даярлықтан өту ережесі** *Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 122 бұйрығымен бекітілген*............................................85

**Күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу және олардың күрделілік санаттарын айқындау ережесі** *Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 123 бұйрығымен бекітілген* ....................87

**Сот сараптамасы зерттеулерінің түрлері бойынша сот сараптамаларының күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу және олардың күрделілік санаттарын айқындау ережесіне қосымша** *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 515 қаулысыме бекітілген*.................... 88

*Қазақстан Республикасының сот сараптамасы зерттеулері әдістемелерінің мемлекеттік тізілімінің нысаны Қазақстан Республикасының сот сараптамасы зерттеулері әдістемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесіне қосымша ....................114*

**Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау жөніндегі ережесі** *Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 12 шілдедегі № 509 бұйрығымен бекітілген....................115*

*Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау бойынша ережесінің 1-қосымшасы....................118*

*Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау бойынша ережесінің 2-қосымшасы....................119*

**Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілік беру жөніндегі нұсқаулық** *Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 19 қазандағы № 827 бұйрығымен бекітілді....................120*

*Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілікті беру нұсқаулығына 1-қосымша ....................123*

*Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілікті беру нұсқаулығына 2-қосымша ....................124*

*Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптаманың белгілі бір түрін өндіру құқығына біліктілікті беру нұсқаулығына 3-қосымша ....................125*

**Глоссарий**....................126

**Қаулылар** (Үлгілер) ....................159